## **5 МАУСЫМ** РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМ

# Жаңа Қазақстан

## жаңартылған **КОНСТИТУЦИЯ 2022**

| **Баптар** | **Қолданыстағы редакция** | **ЖАҢА редакция** |
|---|---|---|
| **6-бап 3-т.** | Жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар ~~мемлекет меншігінде болады.~~ | Жер және оның қойнауы, су, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар **ХАЛЫҚҚА ТИЕСІЛІ. Халықатынан мен шікқұқығын мемлекет жүзеге асырады.** |
| **15-бап 2-т.** | Ешкімнің өз бетінше адам өмірін қиюға хақысы жоқ. ~~Өлім жазасы заңмен белгіленеді~~ | Ешкімнің өз бетінше адам өмірін қиюға хақысы жоқ. **ӨЛІМ ЖАЗАСЫНА ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ** |
| **43-бап** | ***Қолданыстағы редакцияда мұндай талаптар жоқ*** | Қазақстан Республикасының ПРЕЗИДЕНТІ өз өкілеттігін жүзеге асыру кезеңінде **САЯСИ ПАРТИЯДА БОЛМАУҒА ТИІС.** Қазақстан Республикасы **ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАҚЫН ТУЫСТАРЫНЫҢ** саяси мемлекеттік қызметшілер, квазимемлекеттік сектор субъектілері басшылары **ЛАУАЗЫМДАРЫН АТҚАРУҒА ҚҰҚЫҒЫ ЖОҚ.** |

| | | |
|---|---|---|
| **46-бап 4-т.** | ~~**.Қазақстанның Тұңғыш Президентінің мәртебесімен өкілеттігі Республика Конституция-сымен және конститу-циялық заңмен айқындалады.**~~ | **АЛЫНЫП ТАСТАЛСЫН** |
| **50-бап 3-т.** | Мәжіліс конституциялық заңда белгіленген тәртіппен сайланатын ~~107~~ депутаттан тұрады | Мәжіліс конституциялық заңда белгіленген тәртіппен аралас сайлау жүйесі бойынша: біртұтас жалпыұлттық сайлау округінің аумағы бойынша бара-бар өкілдік жүйесі бойынша, сондай-ақ БІР МАНДАТТЫ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГТЕРІ БОЙЫНША САЙЛАНАТЫН **98** ДЕПУТАТТАН ТҰРАДЫ |
| **VI бөлім** | Конституциялық ~~**кеңес**~~ | Конституциялық **СОТ** |
| **72-бап** | ***Қолданыстағы редакцияда мұндай мүмкіндіктер жоқ*** | КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ СОТ АЗАМАТТАРДЫҢ ӨТІНІШТЕРІ бойынша Конституцияда бекітілген, олардың құқықтары мен бостандықтарын тікелей қозғайтын Қазақстан Республикасының нормативтік құқықты қактілерінің Республика Конституциясына сәйкестігін қарайды. |
| **83-1-бап ЖАҢА** | ***Қолданыстағы редакцияда мұндай институт жоқ*** | Қазақстан Республикасындағы АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛ адамның және азаматтың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіруге жәрдемдеседі, адамның және азаматтың құқықтарымен бостандықтарын ілгерілетуге ықпал етеді. |

| | | |
|---|---|---|
| **87-бап 4, 5-т.** | Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдерін қызметке тиісінше облыстар-дың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың мәслихаттарының келісімімен Республика Президенті тағайындайды | Облыстардың, республикалық маңызы б а р қ а л а л а р д ы ң ж ә н е а с т а н а н ы ң ә к і м д е р і н қ ы з м е т к е т и і с і н ш е о б л ы с ау м а ғ ы н д а о р н а л а с қ а н м ә с л и х а т т ар депутаттарының немесе республикалық маңызы бар қалалар мен астана мәслихаттары д е п у т а т т а р ы н ы ң к е л і с і м і м е н Республика Президенті тағайындайды. Республика Президенті ДАУЫС БЕРУ Ө ТКІЗІЛЕТІН КЕМІНДЕ ЕКІ КАНДИДАТУРА Ұ С Ы Н А Д Ы . Д а у ы с б е р у г е қ а т ы с қ а н м ә с л и х а т т а р д е п у т а т т а р ы н ы ң к ө п д а у ысын алған кандидат келісім алған болып есептеледі. |
| **91-бап 2-т.** | Конституцияда белгілен- ген мемлекеттің тәуелсіздігі, Республиканың біртұтастығы мен аумақтық тұтастығы, оны басқару нысаны, сондай-ақ тәуелсіз Қазақстанның Негізін салушы, ~~**Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті –Елбасы іргесін қалаған Республика қызметі-нің түбегейлі принциптері және Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының мәртебесі**~~ өзгермейді. | К о н с т и т у ц и я д а б е л г і л е н г е н мемлекеттің тәуелсіздігі, Республиканың біртұтастығы мен аумақтық тұтастығы, оны басқар у н ысаны, Республика қызм е т і н і ң түбегейлі принциптері өзгеріссіз болып табылады.<br><br>**Осылайша, Елбасы және Тұңғыш Президент мәртебесі жаңа редакцияда толық алынып тасталады** |

sck.kazakhstan
Орталық коммуникациялар қызметі
Служба центральных коммуникаций